




13-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Сауалнама жүргізу, 1





Зерттеу жүргізгенде зерттеуші екі түрлі дерекпен жұмыс істейді. Бірі бастапқы деректер, екіншісі қолда бар деректер. Жалпы алғанда, ең тиімдісі және қаржы, уақыт жағынан қолайлысы қолда бар деректермен жұмыс істеу. Қолда бар деректерге құжаттар, бұрын жүргізілген зерттеулер, статистикалық деректер, т.с.с. дереккөздері жатады. Бірақ кейде кейбір зерттеу сұрақтарына қатысты дайын деректер болмайтын кездер болады. Ондай жағдайларда зерттеуші бастапқы деректерді өзі жасап шығаруы тиіс болады, яғни деректерді толығымен өзі жасауы тиіс болады. Бастапқы деректерді жинаудың кең тараған үш түрі бар: сауалнама жүргізу, сұхбат алу және бақылау жүргізу.

Егер сіз студент болсаңыз, университетте ұстаздарыңыз туралы пікіріңізді сұрайтын, оларға баға беруіңізді сұрайтын сауалнамаға қатысқан болуыңыз мүмкін. Бір қарағанда сауалнама жүргізу, сауалнама сұрақтарын жасап шығару оп-оңай сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ шын мәнісінде, шынайы сіздің зерттеу сұрағыңызға жауап беретін сауалнаманы жасап шығару үшін біршама еңбектену керек болады.

Сауалнама жасауға қатысты болуы мүмкін қиындықтарға сөйлемді түсінікті етіп құрастыру, сұрақтарды қандай ретпен келтіру, сұрақтарға қалай жауап беру керектігіне қатысты нұсқаулар беру сияқты мәселелер жатуы мүмкін. Тағы бір қиындыққа қажет респонденттерді таба алмау, уақыттың жетпеуі, сұхбат алу үшін арнайы орындарға бару сияқты нәрселерде атап өтуге болады. Дегенмен сауалнама жүргізу қиын екен деп одан бас тартуға да болмайды. Керісінше, оның қиын тұстарын игеріп алып, қиын жағдайдан қалай шығу керек екенін түсініп алған жөн.

САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ

Сауалнама жүргізудің бірнеше түрі болуы мүмкін. Мысалы, пошта арқылы жүргізу, телефон арқылы, онлайн, көзбе-көз, қағазға шығарып алу арқылы т.с.с. Сауалнаманың қандай түрін таңдасаңыз да, оны жоспарлауға қатысты стандартты сатылар бар:

Жоспарлау

1. Жиынтық және үлгі/респондент/қатысушылар – Бірінші кезекте респонденттер кім болатынын анықтап алуыңыз керек. Осыны анықтаған кезде сұрақтарыңызды қалай құрастыратыныңыз белгілі болады. Өйткені оқушыларға, зейнаткерлерге, ересек адамдарға қойылатын сұрақтар жас ерекшелігіне немесе басқа да ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болып құрастырылуы тиіс. Сондай-ақ респонденттерді қай жерден іздейтініңіз де белгілі болады.

2. Қолжетімділік – Қолжетімділікке тек баратын жерді ғана жатқызбаймыз. Оның ішіне тілдік барьерді, психологиялық немесе эмоционалды кедергілерді де кіргіземіз. Мысалы, сіз өзге тілді респонденттермен жұмыс істеуіңіз керек болса, олармен қалай тілдесетініңізді, оларды қайдан табатыныңызды да ойланңыз.

3. Жаңсақ түсініктеріңіз – Бәріміз де пенде болған соң өзіміздің сенгіміз келетін, қолдайтын түсініктеріміз бен сенімдеріміз болады. Кейде сауалнаманы өз ыңғайымызға қарай, өзіміз күтетін нәтижеге қарай ыңғайлап құруымыз мүмкін немесе өзіміз мына адамдар мен ойлағандай жауап береді-ау деген адамдардан ғана сауалнама алуымыз мүмкін. Бұның бәрі сіздің өз басыңыздағы жаңсақ пікірлерді басқара алмауыңыздан болады.

4. Қабілеттеріңіз – Сауалнама жүргізу тек жауаптарды жинаумен аяқталмайды. Одан кейінгі сатысы кейбіреулер үшін ең ауыр жағы да болуы мүмкін. Өйткені алған деректі енді сандық дерекке алмастыру керек. Ол үшін статистикалық бағдарламалармен жұмыс істеу қабілетіңіз болуы керек. Егер компьютерде ондай бағдарламалармен жұмыс істей алмайтын болсаңыз, онда ол жағын қалай шешесіз? Маманның көмегіне жүгінесіз бе? Ол маманның қызметтерін көтере алатын қаржыңыз бар ма? Егер оны өзіңіз игеріп алғыңыз келсе, оған жеткілікті уақытыңыз бар ма? Осы сұрақтардың бәрін ойланғаныңыз жөн.

5. Этика/этикалық мақұлдау – Этика мәселесі ешқашан өзектілігінен айырылмайды. Сондықтан зерттеудің барлық сатысында этика мәселесін естен шығармаңыз. Оның ішінде сұрақтардың ешкімнің шамына, намысына тимейтіндей етіп құрастырылуы, анонимділік қажет болған жағдайда оны қамтамасыз ете алу деңгейі, кейін деректерді құпия ұстай алу деңгейі т.с.с.

6. Деректер – Кейін алынған деректерді зерттеу мақсатыңыздың сұрақтарына қалай жауап беретінін ойластырыңыз.

7. Детальдар (Details) – Сауалнама дайын болған соң, оны қалай таратасыз, қанша жауап енгізесіз, егер респонденттер жауап бермесе, оларға қалай анкета туралы есіне саласыз деген сияқты сұрақтарды да ескеру керек.

8. Күтпеген жағдайлар (Contingencies) – Аяқ асты күтпеген жағдайлар бола қалған жағдайда, не



істейтініңіз туралы да бір сәт ойланып, ол жағын да ойластырып қойғаныңыз абзал.

Анкета дайындау

Сауалнаманың бір түрі анкета. Анкета дайындаудың да өзіндік қиындықтары бар. Біз оларға тоқталмасан, пилот тесті туралы қарастырамыз. Пилот тест дегеніміз жасаған анкетаныңды іс жүзінде көрмес бұрын оны сынап көру. Ол үшін тестті достарыңыздың арасында, ұстаздарыңызға көрсетіп алып, олардан алынған нәтижелерді статистикалық ақпаратқа айналдыра алу мүмкіндігін сынап көру жатады. Өзіңіз жасаған анкета сізге дұрыс құрастырылғандай, мүмкіндігінше ең тиімді жолдармен ойластырылғандай болып көрінуі мүмкін болғанымен, сіз байқаймай жіберіп алған қателіктер болуы мүмкін. Сынақ барысында алынған пікірлерге құлақ асып, қажет болса түзетулер енгізіңіз. Кейде құрастырылған сұрақтарыңыз сізге қажет ақпараттарды бере алмайтынын анықтауыңыз мүмкін. Ондай жағдайда күрделі өзгерістер жасау да керек болуы мүмкін. Оған да дайын болыңыз. Ауқымды жұмыс жасап болып, қателіктеріңізді көргенше, бастапқы сатыда осының бәрін анықтап алғаныңыз өзіңіз үшін жақсы.

Пилот тестіңізді жүргізіп болған соң іске кіріссеніз болады. Анкета жасағанда ескеретін маңызды нәрсенің бірі – зерттеу нысанын абстрактіліден нақты математикалық өлшенбелі құралға айналдыру сәті. Мысалы, жаңа оқу бағдарламасының мектепте сәтті болуы немесе сәтсіздікке ұшырағанын зерттейтін болсаңыз, сәттілікті қалай белгілейсіз, сәтсіздікті қалай белгілейсіз. Сәтті деген ұғымға нені кіргізесіз, сәтсіз екенін қандай өлшемдер бойынша анықтайсыз, осыған байланысты сұрақтарды құрастыруыңыз тиіс. Бұл жағдайда көрсеткіштерді анықтау аса қиын бола қоймас, бірақ егер қазақстандағы әйелдер өмірінің жетістікке толы болуының деңгейін анықтау дейтін болсақ, онда жетістікке толы өмірге нені жатқызуға болады? Оның кәсіпте жеткен жетістігін айтамыз ба, болмаса өмірге қанша сау бала әкелгеніне қараймыз ба, не жақсы жерге ұзатылып, жақсы жар таба алғанын айтамыз ба? Әркім үшін жетістік, сәттілік түсінігі әртүрлі болуы мүмкін. Ал сіздің зерттеу сұрағыңыз, осының қайсысына жауап тапқысы келеді? Сіздің зерттеуіңіздегі бақытты әйелдің жетістігіне қайсысы жатады? Анкетаныңды осыған қарай құрайсыз. Оларға өлшем берудің үш түрі бар: Лайкерт, Гуттман және Тростон шкаласы.

Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама жүргізу үшін 100-ге дейін әртүрлі пікірді жазып шығасыз. Мысалы, егер мектептегі жаңа бағдарламаға қатысты сауалнама болса: жаңа бағдарлама қызықтырақ, жаңа бағдарлама қиынырақ, жаңа бағдарлама бойынша дайындалуға көбірек уақыт кетеді, жаңа бағдарламаға өткелі бері менің сабаққа деген қызығушылығым төмендеді, жаңа бағдарламадан аса көп өзгерісті байқамадым, жаңа бағдарламаның болғаны дұрыс емес, жаңа бағдарламада ескерілмеген жерлер көп т.с.с. Осылардың ішінен 10-15-сін ғана қалдырасыз. Ол үшін мамандармен кеңесіп, ұстаздарыңыздан сұрап, ішінде ең дұрысы деп ойлаған сұрақтарды таңдауыңыз керек. Таңдалған сұрақтарды 1-ден 5-ке дейінгі аралықтағы шкалаға саласыз: мысалы, 1-мүлдем келіспеймін, 2-келіспеймін, 3-білмеймін, 4-келісемін, 5-толық келісемін деген сияқты. Соңында жалпы жауаптардың санын қосып есептейсіз. Алынған нәтижелерді статистикалық бағдарламаға салып, статистикасын есептеп шығарасыз.

Гуттман шкаласы. Гуттман шкаласында жауап беруші тек иә немесе жоқ деп қана жауап береді. Иә деп берілген жауаптарды шкаланың жоғарғы жағына орналастырасыз да, жоқ деген жауаптарды төменгі жағына орналастырасыз.

Шкалограмма Л. Гуттмана

2. Подсчитывается балл по каждому респонденту

3. Подсчитывается балл по каждому суждению

Номер респондента	Балл	Суждения							
		1	2	3	4	5	6	7	8
1	5	+	–	+	+	+	+	–	–
2	4	+	+	+	–	+	–	–	–
3	4	+	–	+	–	+	+	–	–
4	4	+	–	+	–	+	+	–	–
5	1	–	–	–	–	+	–	–	–
6	7	+	+	+	+	+	+	+	–
7	5	+	–	+	+	+	+	–	–
8	6	+	–	+	–	+	+	+	+
9	3	+	–	–	+	+	–	–	–
10	5	+	–	+	+	+	–	+	–
Количество (+)		9	2	8	5	10	6	3	1



Соңында шкалограмма бойынша баллдарды қосып есептеп шығасыз. Үшінші өлшеу тәсілі – Терстоун шкаласы деп аталады. Терстоун шкаласы бойынша 11 тұжырымға қатысты 11 тұжырым беріледі. Мысалы, қалта телефоны зиян деген тұжырымдамаға: телефонды орнымен қолданса, ол зиян емес, телефонды мүлдем қолданбаған дұрыс, телефон зиян болса да, оның артықшылықтары басым деген сияқты 11 тұжырымдамаға респондент келісетінін, не келіспейтінін белгілеп шығады.

Кейін алынған жауаптарды шкалаға салып шығасыз.

Айтпаса да түсінікті сұрақтар, қысқа әрі нұсқа болуы керек. Сұрақтарды тым көп етуге әуестенбеңіз. Респондент сұрақтың көп екенін көріп, жауап беруден бас тартуы мүмкін. Ең көп дегенде 10-15 сұрақ ғана қалдырыңыз. Күрделі терминдерді, салалас, сабақтас сөйлемдерді қолданбаңыз. Анық емес сұрақтарды алып тастаңыз. Мысалы, үй жануарларын жақсы көресіз бе? деген сұрақ түсініксіз болуы мүмкін. Өйткені үй жануарлары дегенді әр ұлт, әр діннің өкілдері әртүрлі түсінуі мүмкін. Кейбір сұраққа иә не жоқ деп жауап бергеннің қайсысы дұрыс екені түсініксіз болуы мүмкін. Сондай-ақ кейде бір сұрақ түрленіп, екі рет қайталанып кетуі мүмкін. Кейбір сұрақтардың жауабы онсыз да белгілі болуы мүмкін. Мысалы, қазір заман өзгерді, немесе техника адамның денсаулығына кері әсер етеді деген сияқты сұрақтарға басым респонденттер келісемін деп жауап беретіні түсінікті. Ал кейбір сұрақтарға респондент толығырақ жауап бергісі келуі мүмкін. Мысалы, 40 жастан кейін өмір тек басталады деген тұжырымға респондент иә, келісемін, бірақ деп ойлануы мүмкін. Өзіңіздің пікіріңізді растатқыңыз келетіндей сұрақтар құрылуы мүмкін. Тағы бір сұрақтар респонденттен бір нәрселерді еске түсіруді талап етуі мүмкін. Сондықтан бұл сұрақтың жауабында қателіктер кетуі мүмкін. Намысқа тиетін сұрақтар болуы мүмкін. Мысалы, оралмандарға не үшін қазақстанға келдіңіз деген сияқты қойсаңыз, немесе көпбалалы анаға не үшін жағдайыңызға қарамай осынша көп баланы дүниеге әкелдіңіз деп сұрасаңыз, олар сауалнамаға ары қарай жауап беруі екіталай. Респонденттер жауап беруге ыңғайсызданатын да сұрақтардан аулақ болуға тырысыңыз.

Пилот тесті және сауалнаманы түрлендіру

Сауалнаманы дұрыс жоспарлау және дамыту маңызды, бірақ ол жеткіліксіз. Оның іске жарамдылығын тексерудің жалғыз жолы – сынап көру.

1. Сынап көру (Have a run-through) – «Үлгіңізге» ұқсас бэкграундтары бар респонденттер тобына пилот тестін жасаңыз.
2. Ой жүгірту (Reflect) – Пилот тесті процесі туралы ой жүгіртіп, кездескен кез-келген қиындықты белгілеңіз. Сондай-ақ, деректеріңізді қарап шығыңыз және аяқталған сауалнамаларыңызды түсінудегі қиындықтарды белгілеңіз.
3. Фидбэк алу (Seek feedback) – Пилот тобынан ілеспе хаттың тиімділігіне, жалпы пішін мен дизайнға, нұсқаулықтардың пайдалы екеніне, сұрақ құрастыруға және сауалнаманы аяқтау үшін кеткен уақыттың ұзақтығына қатысты фидбэк алыңыз.
4. Статистикалық пакетті сынап көру (Trial your statistics package) – Айнымалыларды жасауға тырысыңыз, пилот тестінен келген жауаптарды кодтаңыз және содан кейін оларды негізгі деректерді енгізген кезде қандай да бір мәселеге кезікпейтініңізді көру үшін статистикалық программаға енгізіңіз.
5. Түрлендірме жасау (Make modifications) – Бұл сіздің ой жүгіртуіңіз, пилоттық топтан алған фидбэк және алынған деректердің сапасына негізделетін болады.
6. Басына оралу керек пе? Егер түрлендірме жасау қажеттігі туындаса, жоспарлауды, дамытуды және сынақтан өткізу процесін қайта қарап шығу қажет болуы мүмкін. Бұл этика комитетінен қайтадан өтуді білдіруі мүмкін.

Сауалнаманы анықтауда мыналарды ескеріңіз.

1. Тұжырымдамаларды операциялдану (Operationalize concepts) – Бұл абстракциялық тұжырымдамалардан өлшенетін/бағаланатын айнымалыларға өтуді қамтиды; мысалы, сауалнамаңызда көрініс табатын кедейліктің немесе қоршаған орта азаматтығының (environmental citizenship) нақты өлшемі.
2. Қолда бар мүмкіндіктерді анықтау – Дөңгелекті қайта ойлап табудың қажеті жоқ. Егер бұрыннан бар сауалнамада сіздің айнымалыларыңыз қолданылған болса, онда оны қабылдау, бейімдеу және өзгерту жолдарын қараңыз.
3. Қолжазба сұрақтар (Draft questions) – Жаңа сұрақтарды жасаған кезде мүмкіндігінше нақты



болыңыз.

4. Жауап санаттарын анықтау – Жауап санаттарының жауаптардың өзіне әсерін және әртүрлі жауап санаттарының статистикалық өңдеуді қажет ететін әртүрлі деректерге қалай ауысатынын қарастырыңыз.
5. Шолу (Review) – Әр сұрақ пен жауапты мұқият оқып шығыңыз және сұрақтарыңыздың түсініксіз, өзекті, бір-біріне қарама-қайшы, тіл тигізетін бе, негізсіз мәлімдемелерге сүйене ме, екі мағыналы ма немесе жалған ба екеніне көз жеткізуіңіз керек.
6. Сұрақтарды қайта жазу – Сұрақтарды бағалау үшін оларды әріптес немесе жетекшілердің қарауына беріңіз. Әрбір сұрақ барынша дұрыс болуы үшін осы этапты қажеттігіне қарай бірнеше рет қайталаңыз.
7. Сұрақтарды реттеу (Order questions) – Сұрақтарыңызды сауалнамаға қисынды және респонденттерге жеңіл болатын тәртіппен қойыңыз.
8. Нұсқауларды жазу (Write instructions) – Оларды мүмкіндігінше анық және түсінікті етіп жасаңыз.
9. Пішін (Layout) – Таза, логикалық, кәсіби және эстетикалық тартымды пішін мен дизайнды құрыңыз.
10. Ілеспе хат/кіріспе сөз жазу (Write a cover letter/introductory statement) – Бұл, әдетте, сіздің кім екеніңіз туралы, жобаңыздың мақсаттары мен міндеттері, құпиялылық /аноним кепілдемесі және нәтижелердің қатысушыларға қолжетімді болатындығына қатысты ақпаратты қамтиды.